

"Қайсар" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 ақпан N 245

Реформаларды терендету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған іс-қымыл бағдарламасын орындау үшін, жекешелендіру процестерін жеделдету мақсатында сондай-ақ "Қайсар" мемлекеттік холдинг компаниясының заңды тұлға бола алмағанын және осының салдарынан "Қайсар" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына енгізілген кәсіпорындарды басқару жөніндегі қызметті орынданай алмағанын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулыға қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне сатуға берсін;

"Павлодарстекло" бірлескен кәсіпорнының ұйымдық-құқықтық нысанын қолданылып жүрген заңдармен сәйкестендірсін, оның жарғылық қорындағы мемлекеттік үlestің көлемін анықтап, оны Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен және мерзімде сатуға берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіп бойынша сатсын.

3. "Қайсар" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 905 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 39, 451-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
27 ақпандағы
N 245 қаулысына
қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері сатуға

жататын акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Ферросплавмехремонт" АҚ, Павлодар облысы
"Востокэнергоремонт" АҚ, Павлодар облысы
"Металлургремонт" АҚ, Павлодар облысы
"Молоко" АҚ, Павлодар облысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК